



**Балалар
жылы**
2022

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» КММ 2022 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ



МАЗМҰНЫ

	Түйіндеме.....	3
I	Кітапхананың негізгі бақылау көрсеткіштері	4
II	Кітап қорын және каталогтарын қалыптастыру және ұйымдастыру.....	5
III	Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру Кітапхана жарнамасы.....	8
IV	Әдебиеттерді танымал етудің бағыттары мен нысандары, оқырмандық қызығушылықтарды зерделеу және қалыптастыру.....	10
	Клуб, үйірмелер жұмысы.....	10
V	Көпшілік жұмыс	11
	Әдебиетті кеңінен танымал ету.....	13
	Балалар жылы аясындағы іс-шаралар.....	16
VI	Анықтамалық-библиографиялық жұмыс	22
VII	Ұйымдастыру - әдістемелік жұмысы	23
VIII	Кітапханалық –библиографиялық үрдістерді автоматтандыру	25
IX	Кітапхананы басқару. Еңбекті ұйымдастыру. Кадрлармен жұмыс.....	26
	Міндеттер... ..	28

ТҮЙІНДЕМЕ

2022 жыл ішінде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс атқарды. 2022 жыл Балалар жылы, А. Байтұрсынұлының 150 жылдығы, балалар ақындары Ж. Смақовтың 90 жылдығы, Е. Елубаевтың 80 жылдығы, Ж. Қашқыновтың 80 жылдығы және М. Қаназдың туғанына 80 жас, сондай-ақ Балалар жылын қорытындылаудың салтанатты рәсімі және «Әдеби Косплей» фестивалі, «Уақыт машинасы» кітапхана кеші, «Балалар, Сіздер үшін жазамыз!», «Ертегілер мен оқиғалар сағаты», «Жетістік формуласы» жобалары ерекше маңызды болды.

Есепті кезеңде кітапхана қорына **2841** басылым, оның ішінде **1318** данасы қазақ тілінде түсті. 01.01.2023 жылға кітапхананың кітап қоры **135 847** дана, оның ішінде қазақ тілінде **33 110** дана.

Оқырмандарға қызмет көрсету олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Жеке жұмыстарды қолдану оқырмандардың өтініштерін толығымен қанағаттандыруға мүмкіндік берді. Кітапхананың өткізілген іс-шаралар қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге; оқырман балалардың әдебиетке, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға; балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға; оқу үрдісіне көмектесуге бағытталған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Жетістік формуласы» жобасы бойынша Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен есептік кезінде «Сауатқа» телеарнасында 7 телетүсірілім өтті.

Кітапхананың ұйымдастыруымен «ZOOM» платформасы арқылы «Ұлттық және отбасылық дәстүрлерді сақтау мен дамытудағы балалар кітапханасының әлеуметтік-мәдени миссиясы» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция және Осакаров ОКЖ орталық аудандық балалар кітапханасының базасында «Отбасын қолдаудағы және отбасылық оқу дәстүрлерін сақтаудағы кітапханашы құзыретінің рөлі» атты облыстық көшпелі семинар, «Балалар кітапханаларына арналған перспективті цифрлық технологиялар» атты облыстық семинар-практикумы өткізілді.

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жандандыру – кітапхана имиджін көтеруге себепкер болады. Есептік кезеңде 78 материал, оның ішінде кітапхана қызметі туралы 67 мақала, оның ішінде (қазақ тілінде – 30, орыс тілінде 37) және 11 ТВ сюжет оның ішінде (қазақ тілінде – 6, орыс тілінде 5) жарияланды.


Кітапхананың тыныс-тіршілігі жайлы мақалалар республикалық «Ұлан», «Дружные ребята», «Қазақ әдебиеті» және облыстық «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриальная Караганда, газеттерінде, «Жастар әлемі» және электрондық басылымдарда, <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news>, <https://jastar.buketov.edu.kz/>, <https://jastar.buketov.edu.kz/>, <https://www.kazinform.kz/>, <https://dknews.kz>, <https://daz.asia/> басылып шықты.

Кітапханада компьютерлік технологиялар мен интернетті кеңінен қолдану жаңа оқырмандарды тартуға ықпал етеді. Кітапхана сайтының контенті үнемі жаңартылып отырады. Кітапхананың сайтында «JivoSite» v3.05.3 онлайн-кеңесшісі сайт пайдаланушыларының онлайн тәртіпте кітапхана операторларына сұрақ қоятын мүмкіндіктері бар. Пайдаланушылар үшін электрондық қызметтер қолжетімді: онлайн - ұзарту, виртуалды анықтама, онлайн-кеңесші, басшыға сұрақ. Кең көлемде әлеуметтік желіде жұмыс жасалды. Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілерінде мен YouTube арнасында кітапханада өтіп жатқан іс-шаралар туралы мәліметтер, жаңалықтар, өтетін іс-шаралар туралы анонстар қойылып отырды. Абай атындағы ОБК 43 компьютермен жабдықталған, оның ішінде 11 компьютер 2022 жылы сатып алынған, кітапхана ВОЛС технологиясы бойынша интернетке қол жеткізе алады, 37 компьютер интернет желісіне қосылған, тегін WI-Fi мен ЭК ғаламтор пайдаланушыларына қолжетімді.

I. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы жыл басынан бастап кітапхана қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарына сәйкес жұмысын жалғастырды. Жыл бойынша кітапхананың бақылау көрсеткіші.

сандық көрсеткіштер	2021ж.жоспар	2021ж.жоспардың орындалғаны	2022 жоспар	2022 жоспардың орындалғаны
Оқырмандар саны	12000	12016	12000	12019
Оның ішінде пайдаланушылар	7000	7176	7000	7212
Келулер саны	120000	120019	120000	120035
Кітап берілімінің саны	240000	240037	240000	240054



№	Іс-шаралар	2022 жоспар	2022 жоспардың орындалуы
1.	Кітап көрмелері	23	36
2.	Көпшілік іс-шаралары Қатысушылар саны	55	84 4850
3.	Семинарлар	2	2
4.	Әдістемелік басылымдар	7	7
5.	Байқаулар	3	4
6.	Конференция	1	1
7.	Тұсаукесер	2	2
8.	Кітапханалық дәрістер	4	4

II. КІТАПХАНА ҚОРЫН ЖӘНЕ КАТАЛОГТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кітаптарды сатып алуға 2022 жылы бюджеттен 5000,0 теңге бөлінді. 2022 жылы кітапхана қоры 2841 данаға толықты.

	2022 жылғы жоспар	2022 ж. жоспардың орындалуы	с.і. қаз.тілінде
Басылымдар	2000	2841	1318

Толықтыру көздері

мазмұны	2022 ж. жоспар	2022ж. жоспар орынд.	саны (дн.)	с.і. қаз.т.
Бюджеттік қаржыландыру	5000,0	5000,0	1821	820
Мемлекеттік тапсырыс (Н.В.Гоголь атындағы ОӘҒК)	-	103779,99	44	40
Сый	-	56500,00	110	73
Кітап алмастыру		257526,00	378	95
Барлығы:		5417805,99	2353	1028
АО «Қазпошта»	1000,0	939305,33	488	290
Барлығы:	6000,0	6335711,32	2841	1318


2022 жылы кітапхананың кітап қорын толықтыруға бюджеттік қаржыландыру жоспары бойынша 5000,0 теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы баға ұсыныстарын сұрау тәсілі бойынша, басылымдарды сатып алу жүзеге асырылды.

Есепті жылы басылымдардың басым бөлігі кітап сауда ұйымдарынан 1821 дана (с.і қазақ тілінде 820 дана) (45%) кітап сатып алынды, оның ішінде балаларға арналған әдебиет 1559 дана (85,6%) с.і қазақ тілінде 592 дана (72,4%) құрайды. Есептік кезеңде әдебиеттерді жеткізушілердің саны 2021 жылмен салыстырғанда (18 дереккөз) екі есеге жуық өсті, 2022 жылы 30 дереккөзнен кітаптар түсті.

Мемлекеттік тапсырыс Н. В. Гоголь атындағы ОӘҒК атынан 44 дана, (с.і. қазақ тілінде 40 дана) 103779,99 тг; Балалар жазушылары Т. Әбдірайым, М. Қаназ, М. Айымбетов, Н. Инжевская, Е. Клепикова және балалар ақыны Ж. Смақовтың қызы М. Смақова мен Кеншілер мәдениет сарайынан жиыны 110 дана (с.і қазақ тілінде 73 дана) 56500,00 тг. кітаптар кітапханаға сыйға тартылды. Мерзімді басылымдар 488 дана (с.і. қазақ тілінде 290 дана). Есептік кезеңде кітапхана қорына барлығы 2841 дана кітап басылымы түсті (с.і. қазақ тілінде 1318 дана), оның ішінде балалар кітаптары мен балалар мерзімді басылымдары-2251 дана, (с.і. қазақ тілінде 846 дана) 79,2% құрайды.



01.01.2023 жылға кітапхана қоры 89144 атау / 135847 дананы құрайды. Соның ішінде қазақ тілінде 33110 дана (24,4%) құрайды.



Есептік жылы кітапхана қоры 5000 дана кітап ескіргеніне байланысты есептен шығарылды. Осыған орай қор 2737 дана кітапқа азайды (с.і. қазақ тілінде 201 дана).

Кітапхана қорының сандық құрамында көркем әдебиеттер саны басым – 50% - дан астам, мемлекеттік тілде-60% - дан астам, салалар бойынша ең көп саны әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы кітаптар – 16%, ең азы -2%, техника және ауыл шаруашылығы жөніндегі басылымдар.

Есептік жылы кітапхана «Қазпошта» АҚ арқылы 939205,33 теңге сомасында мерзімді басылымдарға жазылды. Оның 64 атауы газеттер мен журналдар, с.і 42-і қазақ тілінде келіп түсті. Оның ішінде балаларға арналған мерзімдік басылымдардың жалпы саны 33 атауды құрайды.

Есепті кезеңде кітапхана қорына барлығы 2841 дана басылым түсті (с.і. қазақ тілінде 820 дана). 2021 жылмен салыстырғанда (2631 дана, с. і қазақ тілінде 1269) сатып алынған кітаптар саны 810 данаға аз. 2021 жылы бір кітаптың бағасы орта есеппен 1900 теңгені, ал 2022 жылы – 2700 теңгені құрады.

Сатып алынған басылымдардың 80 % - дан астамын көркем әдебиет құрайды, оның ішінде «Әдебиет» баспасынан жарық көрген Байбота Қошым – Ноғай құрастырған «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» атты 10 томдық жинағымен, «Отбасы хрестоматиясы» баспасынан жарық көрген А. Сент – Экзюперидің «Кішкентай ханзада», Х. М. Керманинің «Бала Мәжиттің хикаялары», Э. Распенің «Мүнхаузеннің басынан кешкен хикаясы», «Сказки про эмоции», «Хорошие книги в школе и дома», «Все лучшее - детям» және т.б. кітаптар.

Республикалық баспалардан түскен кітаптар топтамасын талдайтын болсақ жаратылыстану мен техника, химия, физика, биология, эксперименттер мен тәжірибелер бойынша қазақ тіліндегі балаларға арналған кітаптардың жоқ екенін көрсетеді.

2022 жылы түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2353	986	341	14,5	96	4	20	0,8	40	1,7	44	1,8	1812	77

2022 жылы қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1028	391	205	20	53	5	7	0,7	32	3	39	3,8	692	67,3

2022 жылы бюджеттік қаржыландыру бойынша түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1821	480	228	12,5	77	4,2	18	1	16	0,8	16	0,8	1466	80,5

2022 жылы бюджеттік қаржыландыру бойынша қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
820	195	159	19,4	44	5,3	7	0,8	12	1,4	12	1,4	582	71

2022 жылы түскен балалар әдебиеті

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы.	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2251	831	443	19,7	120	5,3	26	1,1	21	1	48	2,1	1593	70,7

2022 жылы қазақ тілінде түскен балалар әдебиеті

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы.	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
846	253	257	30	52	6,1	7	0,8	15	1,7	15	1,7	500	59,1

2020-2022 жылдар кезеңінде балалар әдебиеті қорының мемлекеттік тілде өсуі байқалады (2815 данаға).

2022 жылы түскен басылымдар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2841	1050	722	25,4	126	4,4	32	1,1	52	1,8	97	3,4	1812	63,8

2022 жылы қазақ тілінде түскен басылымдар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1318	436	446	33,8	68	5,1	7	0,5	44	3,3	61	4,6	692	52,5

Жалпы кітап қорының құрамы 01. 01. 2023 жыл

Барлығы (дн)	атау	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
135847	33110	21678	16	10778	8	3562	2,6	16344	12	9314	6,8	74171	54,6

Қазақ тіліндегі кітапханалық қордың құрамы

Барлығы (дн.)	атау	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт , өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
33110		7958	24	1031	3	604	1,9	1853	5,6	1442	4,3	20222	61

2022 жылы сақтау мерзімінің өтуіне байланысты 5578 дана (с.і. қазақ тілінде 364 дана) басылымдар есептен шығарылды. (№ 455акт)

2022 жылы басылымдардың есептен шығуы

Барлығы (дн.)	атау	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт , өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
5578	4547	1152	20,6	432	7,7	227	4	1547	27,7	930	16,6	1290	23,1

2022 жылы қазақ тілінде басылымдардың есептен шығуы

Барлығы (дн.)	атау	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт , өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
364	313	76	20,8	35	9,6	2	0,5	8	2,2	37	10,1	206	56,6

III. ОҚЫРМАНДАРҒА КІТАПХАНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КІТАПХАНА ЖАРНАМАСЫ

Кітапхана 2022 жыл ішінде қызметін бекітілген жоспарға сай жұмыс атқарды. Оқырман-балаларға қызмет көрсету кезінде баланың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Жұмыста ақпараттық ресурстарды және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты пайдалану кітапханаға жаңа оқырмандарды тартуға мүмкіндік береді.



Есептік кезеңде 78 материал, оның ішінде кітапхана қызметі туралы 67 мақала, оның ішінде (қазақ тілінде – 30, орыс тілінде 37) және 11 ТВ сюжет оның ішінде (қазақ тілінде – 6, орыс тілінде 5) жарияланды.

Кітапхананың қызметі республикалық «Ұлан», «Дружные ребята», «Қазақ әдебиеті», облыстық «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриальная Караганда» газеттерінде, және «Жастар әлемі» электронды баслымдарда <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news>, <https://jastar.buketov.edu.kz/>, <https://jastar.buketov.edu.kz/>, <https://www.kazinform.kz/>, <https://dknews.kz>, <https://daz.asia/> басылып шықты және кітапхана қызметкерлері телевизиялық бағдарламаларға қатысты.

2022 жылы «Жетістік формуласы» телевизиялық жобасы аясында Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Saryarqa» телеарнасында 7 телетүсірілім өтіп, эфирге қазақ тілінде 2 орыс тілінде 5 бағдарлама шықты.

Халықаралық Кітап сыйлау күні аясында кітапхана қызметкерлері «Кітапты сүйіспеншілікпен сыйлаңыз» акциясы ұйымдастырып өткізді. Акцияның басты мақсаты балалардың кітап оқуы мен кітапты бір-біріне сыйлау дәстүрін қайта жандандыруға ықпал ету. Осы айтулы мерекеге арнап кітапхана ағымдағы жылдың 14 ақпанда №104 Абай атындағы мектеп-гимназиясының кітапхана қорына 20 дана кітап пен бірнеше дана журналдар сыйлады. Сонымен бірге кітапхана тарапынан кітап оқуға құмар тұрақты оқырмандарымызға да кітаптар сыйға тартып, сол күні кітапхана серіктестері мен жас оқырмандардың ата-аналары да Абай атындағы ОБК бірнеше дана кітаптар сыйға берді.

2022 жыл - Балалар жылы болып жариялануына байланысты кітапхананың жұмыс жоспарына өзгертулер мен толықтырылулар енгізілді. Айтулы жыл аясында **«Балалар, Сіздер үшін жазамыз!», «Ертегілер мен оқиғалар сағаты»** жобалары жүзеге асырылып, **«Уақыт машинасы»** кітапханалық кеш, **«Әдеби Косплей»** фестивалі және **Балалар жылын** қорытындылаудың салтанатты рәсімі өткізілді.

Ақпан айында орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі оқырмандар арасында кітап пен оқуды ілгерілету мақсатында **«Сними сторис – получишь приз»** атты кітапханалық акцияны өткізді. Балалар Instagram әлеуметтік желісінің сторисіне кітапхана туралы өз әсерлерін бөлісіп, бейнероликтер ұсынды. Акция аясында 10 оқырман үздік болып кітапхана тарапынан сыйлықтар алды.



Кітапханада жазушылардың шығармалары жинақталған сауалнама кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты кітапханаға оқырмандар тартуға, заманауи және классикалық әдебиетті ілгерілетуге, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Көрмеге Ш. Мұртаза «Ай және Айша», С.Стивенсон «Агата Мистери. Похищение в Ватикане», Р.Бредбери «451 градус по Фаренгейту», Л.Кэрролл «Приключения Алисы в стране чудес», Б.Момышұлы «Ұшатын ұя», Б. Соқпақбаев «Менің атым Қожа» және т. б. кітаптарды қағазға орап кітап жайлы қысқаша мәліметтер берілді. 12-15 жас аралығындағы оқырмандар аннотация бойынша кітап пен автордың атын болжау ұсынылды. Сауалнамаға 53 оқырман қатысты. Оқырмандар пікіріне орай А.Пушкиннің «Капитанская дочка», Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Х. Веббтың «Мейзи Хитчинс» кітаптар нәтижелері бойынша көш бастады.



Ауызша сауалнама кезінде оқырмандарға «Сіз оқуға арналған кітапты қандай принцип бойынша таңдайсыз?». Студент оқырмандар негізінен кітаптың атауына, жанрына назар аударады, блогерлер мен YouTube арналарының интернеттегі ұсыныстарын жиі пайдаланады. Оқушы балалар негізінен мұғалімдердің, ата-аналардың, достардың және кітапханашылардың кеңестері бойынша оқиды.

IV. ӘДЕБИЕТТЕРДІ ТАНЫМАЛ ЕТУДІҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ, ОҚЫРМАНДАРДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кітапхана мүмкіндіктерін кеңейту және беделін қалыптастыру үшін қаладағы ЖББМ және гимназиялардың оқушыларына, балабақша бүлдіршіндеріне мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арналған экскурсиялар өткізілді. Есепті кезеңде кітапхана оқырмандары үшін 15 экскурсия өткізілді.



Экскурсиялар тақырыбы: «Кітапхана достарымен кездеседі», «Кітапхана шақырады...» және т.б. Қала мектептері оқушыларымен «Кітапхана шақырады...» атты қызықты және танымды экскурсия барысында балалар кітапханаға жазылу ережесімен, кітапхана кестесімен танысады. Бөлім қызметкерлері кітап қоры мен мерзімді басылымдар туралы, кітапханада өткізілетін іс-шаралар туралы әңгімелейді. Олар кітапхананың оқу залдарын болып, көрмелермен танысты, қызығушылықтар бойынша үйірмелердің, клубтар мен студиялардың жұмысы және түрлі жобалар туралы білді.

Бірнеше жылдан бері «Сен - біздің бірінші оқырман» акциясы кітапхана оқырмандарының арасында танымал болып келеді. 2022 жылғы 3 қаңтарда кітапхананың қайта тіркелген



алғашқы 10 оқырманына **«2022 жылғы алғашқы оқырман»** естелік медалі мен шағын сыйлықтар табыс етілді.

Үйірме, клуб жұмысы

Кітапханада балалардың шығармашылық қабілеттерін мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында клуб, үйірмелер, зертхана, студиялар жұмыс жасайды. Бұл жұмысты кітапханашылар жоспарлап, ақысыз негізде жүргізіледі.

«Қауырсын қалам» әдеби клубының жыл ішінде 6 отырысы өтті. Әдебиетке қызығушылық танытқан балалармен **«Ақын жайлы ойлар»** атты поэзия әуесқойларының жиналысына үйірме мүшелерімен кездесуге қарағандылық ақындар Олег Русских пен Вера Голобородько келді. Авторлар өз қаламдарынан жазылған бірнеше өлеңдерін оқып, клуб аясында келер жылға да көптеген қызықты, танымдық іс-шаралар өткізу жоспарланды.

«Жәдігер» өлкетану клубы аясында **«Кітап беттерін парақтай отырып, сен өлкеге саяхат жасайсың»** атты өлкетану оқуы өтті. Оқу барысында балалар Ғ. Мұстафин, С.Сейфуллин, Қ. Аманжолов, Н. Кузнецов, В. Могильницкий және т. б. авторлардың шығармалары арқылы өлке тарихымен танысты. Қатысушылар ақын-жазушылардың шығармаларынан мәнерлеп үзінділер оқыды.

«Жәдігер» өлкетану клубының 8 кездесуі өткен жоқ.



«Шуақ» балалардың шығармашылық студиясының жұмысы 3-7 жастағы балалар үшін арнап ұйымдастырылады. Есептік кезеңде 30 сабақ өткізілді. М. Әлімбаевтің **«Айтшы, сен кімсің?»** кітабы бойынша **«Көңілді аралар»**, **«Түлкіні алдаған шал»** қазақ халық ертегісі бойынша **«Кішкентай қу түлкі»**, **«Ақ аю»**, **«Ұсқынсыз үйрек балапаны»** және т.б. бұйымдарды кітапханашының басшылығымен балалар түрлі-түсті қағаздан және басқа да материалдардан жасап көрмеге орналастырды.



Кітапханада танымды және қызықты **«Көңілді English»** үйірмесі жұмыс істейді. Үйірмеге 7-11 жастағы балалар қатысады. Ағылшын тілін ойын, музыка арқылы үйрену балаларды жалықтырмай, тіл үйренуге талпыныстарын арттырады. Жылы ішінде үйірменің 15 сабағы өткізілді.

Жас оқырмандары үшін **«Кел, қазақша сөйлейік»** үйірмесінің сабақтары танымдық - ойын түрінде өткізіледі. Есептік кезеңде үйірменің 26 сабағы өткізілді. Маусым айында сабақтарыды Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінің II курс студенттері жүргізді. Үйірме сабақтарына қатысқан балаларға мектеп бағдарламасы бойынша үй тапсырмасын дайындау кезінде үлкен көмек көрсетті.



Кітапхананың **«FreeStyle»** арт-шеберханасында балалар ұлттық өнер-кестенің қыр-сырымен танысып, кесте токумен және бүлдіршін қыздарға арналған әшекей бұйымдарды жасаумен айналысады. Барлығы 13 сабақ өтті. Үйірме жетекшісінің басқаруымен бүлдіршін қыздар **«Шашбау»**, **«Сырға»**, **«Білезік»**, **«Сақина»** және т.б. әшекей бұйымдарды өз қолдарымен жасап үйренді.



«Қызықты ғылым» кітапханалық зертханасы аясында 7 түрлі шеберлік сыныбы «Сиқырлы қар», «Микроскоп қызықтары», «Отты жазу», «Ыстық мұз» және т.б. тақырыптарда тәжірибелері өтті.

V. КӨПШІЛІК ЖҰМЫСТАР

Кітапхана бөлімдерінде тұрақты қолданыстағы «Рухани жаңғыру – ұлт жаңғыруы», «Жолдау-дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кітап көрмелері ұйымдастырылған. «Рухани жаңғыру-ұлт жаңғыруы» атты кітап көрмесіне 46 басылым қойылып жаңартылып тұрды. Көрмеде ұсынылған кітаптар мен журналдар қазақстандық қоғамның рухани жаңғыру стратегиясын түсінуге және қабылдауға көмектеседі. Оқырмандарға «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында шыққан «Жаңа гуманитарлық білім» басылымдары танысуға ерекше қызығушылық тудырды



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

ҚР Тәуелсіздік күні орай Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің балаларына «Біз – Қазақстанның балаларымыз» атты әдеби сағат және «Қазақстандықтар – болашағы біртұтас ұлт» атты жастар пікірсайыс өткізілді. Жасөспірімдер арасында пікірталас сайысы «Патриотизм: шындық немесе миф» тақырыбында қысқартылған «Британдық» форматта өтті. Аталмыш шараны пікірсайыс клубының үйлестірушісі Стефания Матисон жүргізді. «Үкімет» командасының спикерлері жастар арасында патриотизмнің маңыздылығын дәлелдеп, өмірден нақты фактілерді келтірді. «Оппозиция» жастар арасындағы патриотизм тек қағаз жүзінде бар және бұл ұғым миф деген пікірге қарсы дәлелдер келтірді. Пікірсайыста №1 гимназияның «Оппозиция» командасының спикерлері жеңіске жетті.



Алғыс айту күні

Алғыс айту күніне орай кітапханада «Мейірімді Қазақстан жері» атты танымдық сабағы өткізілді. Іс-шараға «Wiedergeburt» неміс орталығы» Қарағанды облыстық қоғамының өкілдері келді. Қазақстан еліне өз алғыстарын айтып, қонақжай қазақ халқының дархандығында шек жоқ екендігін тілге тиек етті. Шараға қатысқан оқушылар неміс халқының өлеңдерін оқып, өнерлерін көрсетті.



Халықаралық әйелдер күні

Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Аяулы Анам» атты ойын сайыс өткізілді. Балалар «Шоколадты интуиция», «Гүлді шалғын», «Наурыз поэзиясы» және т.б түрлі сайыстарға белсене қатысты. Ойынға қатысқан балалар өздерінің зеректілігі мен тапқырлығын көрсете білді.



Наурыз мейрамы

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында мәдениетті, тарихты және рухани мұраны насихаттауға бағытталған «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру бойынша 5 тренинг өткізілді. Қарағандылық балаларға киіз үймен жақынырақ танысуға толық мүмкіндік жасалды. «Наурыз шуағы» тұжырымдамасы аясында «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» этновитраж ұйымдастырылып өткізілді.



Қазақстан халқының бірлігі күні

Қазақстан Халықтарының бірлігі күніне орай «**Бірлестік достығы**» атты этностар калейдоскобы өтті. Мерекелік жиынға Т.Шевченко атындағы «Рідне слово» украин тілі бірлестігінің төрағасы И. Салагина қатысты. Қонақ балаларға украин халқының әні мен әдет – ғұрыптары жайлы айтып өтті. «Жұлдыз» хореографиялық ансамблі бишілері татар халқының биін биледі.



Отан қорғаушылар күні

Еліміздің Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай «**Отан қорғау – қасиетті борыш**» атты кездесу-диалог өтті.

Шараға Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 52859 әскери бөлімінің рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Балжанов қатысты. Мақсат Өміржанұлы бейбіт еліміздің құрыш қалқаны Қарулы Күштердің тыныс-тіршілігі жайлы әңгімелеп, Отан қорғау ісі әркімнің ең басты міндеті екені туралы түсінік берді. Кеш соңында «Қазақстан армиясының әскери шендер белгілерін білесің бе?» атты сергіту ойыны ойнатылды.



Ауғанстаннан Кеңес әскерлерін шығару күні

Кітапханада Ауғанстаннан Кеңес әскерлерін шығару күніне арналып Ауғанстан соғысына қатысушылармен кездесу өтті. Кездесуге Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы бастығының көмекшісі, полиция полковнигі С.Тоқтабеков және запастағы сержант, «Ардагер» Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері одағының мүшесі И. Молодов арнайы қонақ ретінде шақырылды. И.Молодов кітапхананың кітап қорына Ауған майдандарында хабарсыз кеткен жауынгерлерді іздеуге арналған бірегей басылымды сыйға тартты.



Жеңіс күні

Жыл басында кітапхана Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Талғат Бигелдиновтің туғанына 100 жыл толуына орай «**Мәңгілік ел – алыптары**» атты қалалық шығармашылық жұмыстар байқауын жариялады. Байқауға 8-12 жас аралығындағы балалар қатысты, «Жадымызда мәңгі сақтаймыз», «Батырдың портреті», «Есімі жұлдыздай жарқырайды» үш номинация бойынша 98 жұмыс ұсынылды. Қалалық шығармашылық байқаудың жеңімпаздарын салтанатты марапаттау 5 мамырда өтті, онда 15 жеңімпазға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.



Саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу күні

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенттерінің қатысуымен «**Қуғын – сүргін құрбандары**» атты реквием кеші өткізілді. Кеште Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мұражайының ғылыми қызметкері А.Тұрсынбек саяси тұтқындар өмірінің баға жетпес фактілерімен бөлісті.



ҚР мемлекеттік рәміздер күні

ҚР Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеу аясында бастауыш сынып оқушыларына арналған **«Рәміздер тәуелсіздік тұмары»** таныстыру сағаты және **«Рәміздер – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі»** атты ақпараттық сағат өткізілді. Шараға Қазыбек би атындағы ауданның үйден әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің қызметкерлері және ерекше білімді қажетсінетін жастар қатысты. Қатысушылар викториналық сұрақтарға жауап беріп, «Мемлекеттіктің басты белгісі» кітап көрмесімен танысты.



Балаларды қорғау күні

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай кітапхананың жас оқырмандары және Қарағанды қаласының тұрғындары үшін **«Әдеби кейіпкерлердің шеруі»** атты іс-шара өткізілді. Балалар кітапхана алдына жиналып, әдеби кейіпкерлер бастаған топ легі Орталық мәдениет және демалыс саябағына аттанды. Мерекелік бағдарламада бүлдіршін балалардың қатысуымен әр түрлі ойындар ойнатылып, көшпелі оқу залы ұсынған қызықты және танымдық кітаптар мен мерзімді басылымдарға шолу жасалды.



Домбыра күні

Қазақ халқының жан серігі, рухани азығы болып келген киелі домбыра күніне орай кітапханада **«Домбыра – халық даналығы»** атты музыкалық панорама өткізілді. Шараға «Ақжелең», «Арқа әуені» ансамблінің мүшелері қатысты. Айтулы мерекеге арнап «Домбыра – дастан, домбыра – күй» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Әдебиеттерді кеңінен танымал ету

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында кітапхананың оқу залында ұлттық жазудың реформаторы қазақ лингвистикасы мен әдебиеттанудың негізін қалаушы А. Байтұрсынұлының шығармаларына арнап кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде оқырмандар жүйелі түрде әдебиеттану, тіл білімі, аударма салаларында елеулі із қалдырған А.Байтұрсынұлының еңбектерімен танысты. Кітап көрмесі жыл бойы жұмыс істеді.

Балалар кітабының апталығы

Абай атындағы балалар кітапханасы 70 жылға жуық оқушылардың көктемгі демалысында оқырмандар үшін жарқын оқиға болып табылатын кітапханалық мереке – **«Мың тағзым саған, кітап!»** Балалар кітабының апталығын өткізеді.



Апта аясында балалар жазушы, ақын және драматург, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сәуле Досжан (Алматы қ.) және ақын, жазушы, блогер Дина Ораз (Астана қ.) арнайы келіп оқырмандармен кездесті. Жазушы С. Досжанмен өткен кездесуге «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалыстың белсендісі, автордың «Қасірет пен тағдыр» кітабының мұқабасында бейнеленген картинаның авторы К. Күйков және зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, қоғам белсенділері қатысты. Кеш бойы оқырмандар ақын- жазушыларға өз сұрақтарын қойып, қызу әңгіме сұхбат болды.



Апталық аясында балалар ақыны Жеңіс Қашқыновтың 80 жылдығына орай **«Ғашық көзбен қарадым гүл өмірге...»** атты әдеби кеш өткізілді. Іс-шараға Ж. Қашқыновтың қарындасы С. Қашқынова және ақынның жиені, журналист, «Ағылшынша тіл сындыру» кітабының авторы Е. Мелсұлы және Қарағанды қаласындағы зиялы қауым өкілдері арнайы



шақырылды. Шара барысында балалар ақыны Ж. Қашқыновтың өмірі мен шығармашылығы туралы айтылып, Қарағанды қаласының мектеп оқушылары ақынның өлеңдері мен поэмаларынан үзінділер оқыды.

Аталған шара аясында кітапхана оқырмандары сүйікті кітаптар туралы ой бөлісу үшін **«ВТеме» TableTalk** атты кітапқұмар балалардың кездесуі, **«Театр сиқыры»** библиоперфоменсі, **«Сиқырлы кітап әлем»** атты әдеби квест және детективтік жанрды сүйетіндер үшін кітапханашылар **«Іздеу» детективтік агенттігі»** атты танымдық-зияткерлік квиз сияқты іс-шаралар өткізілді. Барлық ұйымдастырылған іс-шаралар балалардың қызығушылығын тудырды. Әр бала өзі үшін қызықты танымдық мәліметтер алды.



Апталық жабылу салтанатында дәстүр бойынша **«Оқырман бенефисі»** өткізілді, онда 2021 жылдың үздік және белсенді оқырмандары 8 номинация бойынша марапатталды: «Ең бірінші оқырман», «Ең кішкентай оқырман», «Мәңгілік классика», «Оқу рекордсмені», «Фэнтези оқырманы», «Кітапхананың айнымас досы», «Адал оқырман», «Оқитын отбасы». Белсенді оқитын балаларды құрметтеу оқу беделін арттыруға және баланың өзін-өзі бағалап құрметтеуге мүмкіндік береді.



«2022 жылдың мерейгер жазушылары» атты өлкетану кітап көрмесі біздің өңірдің атақты тұлғаларымен және жыл мерейгерлерімен таныстырады. 2022 жыл жазушы, аудармашы, зерттеуші Жайық Бектұровтың, зерттеуші, өлкетанушы Юрий Поповтың, этнограф, өнертанушы Ақселеу Сейдімбектің, балалар ақыны Жеңіс Қашқыновтың мерейлі мерейтойларына арналып көрме рәсімделді. Көрмеде атақты тұлғалардың өмірі, шығармашылығы туралы кітаптар, сондай-ақ мерейтой иелерінің көркем шығармалары мен еңбектері ұсынылды. Көрмеге 27 басылым қойылды және келіп түсуіне қарай жаңа басылымдармен жаңартылды.



«Мен-тұлғамын» коуч-орталығы

2022 жылы **«Мен-тұлғамын»** кітапханалық коучинг – орталығы жұмысын жалғастырды. Күнтізбелік жылдың басынан бастап 4 тренинг ұйымдастырылды, оған тәжірибелі психологтар шақырылды. Коуч-психологтар О.Пенкова мен Т. Спиридонованың кітапхана оқырмандарымен кездесуі **«Креативность: развитие творческого мышления»** тақырыбына арналды. Зияткерлік еңбектің көптеген салалары креативті ойлау дағдыларын талап етеді. Бұл жасөспірімдердің өзін-өзі дамыту практикасына деген қызығушылығын дамытады. Осы жаттықтырушылардың қатысуымен тағы бір мотивациялық тренинг **«Эмоциональный интеллект»** тақырыбында өтті. Эмоциялар дегеніміз не және олар сезімдерден қалай ерекшеленеді? Эмоциялар адам өмірінде қандай рөл атқарады? Эмоцияларыңызды қалай басқаруға болады?



«Өмір сүре білгендердің барлығы, Тым талантты адамдар...», **«Адамгершілік – алғашқы капитал»** атты тренинг Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқытушысы, психолог Салтанат Смағұлтегінің қатысуымен өтті. Балалар іс-шараға белсенді қатысып, көптеген сұрақтарға жауап алды. Шара соңында автор С. Смағұлтегі белсенді қатысқан балаларға өзінің кітаптарын сыйға табыстады.



Сондай-ақ «KtnjoI инновациялық даму Альянсы қоғамның балалар мен жастар мәселелері жөніндегі уәкілі Дия Ержанова **«Бақыт кілемі»** атты шығармашылық тренинг өткізді.

Кітапхана оқырмандарының танымдық-зияткерлік қабілетін дамыту мақсатында квиз ойыны ұйымдастырылып өткізілді.

Ойын барысында балалар 4 адамнан тұратын 9 командаға бөлінді. Ойын «сұрақ-жауап» механизміне негізделген, 3 раундтың нәтижелері бойынша дұрыс жауап беріп ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанды. Бүгінгі таңда квиз ойыны жасөспірімдерге тиімді уақыт өткізудің және отбасылық демалыстың қызықты тәсілі. Қатысушылар ойынға белсене қатысып, өз пікірлерімен бөлісті.



Қазыбек би Келдібекұлының 355 жылдығы

Биыл қазақ руханиятының көрнекті өкілі Қаздауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл толуына орай кітапханада **«Қазыбек би мұрасындағы парасаттылық қағидаттары»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылып «Сарыжайлау» кинотеатрымен бірлесіп **«Қаз дауысты Қазыбек би»** атты кинозал өтті. Қарағанды қаласының мектеп оқушылары назарына Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген **«Қаз дауысты Қазыбек би»** атты деректі фильмін тамашалап көрді.



Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына

Кітапхана үшінші жыл кітапханалық дәріс алаңы болып табылады, оқырман балаларға дәріс оқуға лекторлармен ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, зерттеушілер, өлкетанушылар шақырылады. «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы шеңберінде Алаш ақыны, қоғам қайраткері, А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай **«Ұлтымыздың ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы»** тақырыбында және **«Халқына адал қас батыр - Қасым»** атты кітапханалық дәріс өткізілді. Жасөспірімдерге зияткерлік-рухани дамуына ықпал жасау мақсатында Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, әдебиеттанушы ғалым Ж. Смағұлов, тарих факультетінің, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры Ж. Карсыбаева дәрістер оқыды.



Қоғам қайраткері, дарынды публицист Н. Нұрмақовтың өмірі мен қызметін насихаттау мақсатында **«Нығмет Нұрмақов – ұлт қайраткері»** атты кітапханалық дәрісі балаларға «Нығмет Нұрмақов: ұлт мұраты» монографиясының авторы, тарих ғылымдарының кандидаты, Қарағанды техникалық университетінің доценті С. Қасимова оқыды. Сонымен бірге қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығына орай **«Абай мұрасы – халық ұлағаты»** тақырыбында Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Есенжолова кітапханалық дәріс өткізді.



Жақан Смақовтың 90 жылдығы және Ескен Елубаевтың 80 жылдығына

Балалар ақындары Жақан Смақовтың 90 жылдығына және Ескен Елубаевтың 80 жылдығына орай 25 ақпан күні кітапханада **«Балаларға базарлық»** атты оқырмандар конференциясы өтті. Іс-шараға оқырман балалармен кездесу үшін Жақан Смақовтың қызы Манат Жақанқызы (Алматы қ.), туыстары, қоғам қайраткерлері мен



ғалымдар шақырылды. Ж. Смақовтың қызы кітапхана қорына әкесінің кітаптарын сыйға тартты. Сондай-ақ ақынның мерейтойына орай «Әдеби күнтізбе» дайындалып шығарылды.

«Қазақстандағы Балалар жылы»

2022 жыл Балалар жылы аясында кітапханада біршама ауқымды іс-шаралар атқарылып, көптеген жобалар жүзеге асырылды.

Жеңіс Қашқыновтың 80 жылдығына

Балалар ақыны Жеңіс Қашқыновтың 80 жылдығына орай 4-15 жас аралығындағы балалар арасындағы **облыстық мәнерлеп оқу сайысы** өткізілді. Іс-шараға қатысу үшін 200 жуық қатысушыдан өтінім түсті. Сайысқа мектеп аралық іріктеуден өткен Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Саран қалалары мен Бұқар жырау ауданының ауылдарынан 99 бала қатысты. Іс-шараға Қарағанды облысы «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесінің басшысы А. Жұмағұлов, Жеңіс Қашқыновтың туған қарындасы С. Қашқынова және ақынның туған жиені Р. Кенжебеков, Ж.Қашқыновтың інісі Мелс Қашқыновтың ұлы Е. Мелсұлы демеушілік көрсетті, 576 000 қаржы жұмсалды.



Молдахмет Қаназдың 80 жасқа толуына

Абай атындағы балалар кітапханасы бастамасымен халықаралық, облыстық және қалалық байқаулар ұйымдастырылып өткізілді. М. Қаназдың туғанына 80 жасқа толуына орай **«Сықырлы бояулар»** кітап иллюстрацияларының халықаралық байқауына Германия, Израиль, Франция, Ресей, Қырғызстан мен Қазақстанның түкпір-түкпірінен 11-14 жас аралығындағы балалардан 122 шығармашылық жұмыс қабылданды. Байқау «Qasym баспа үйі» ЖШС демеушілігімен және Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен өтті.



Марапаттау рәсімінің құрметті қонағы Молдахмет Қаназ арнайы қонақ ретінде келіп (Алматы қаласы) өзі байқау жеңімпаздарын марапаттауы балалар үшін ерекше сәт болды.

Байқау қорытындысы бойынша Бас жүлде– Әділхан Дана, Түркістан облысы, Отырар ауданы; **I орын**– Стребкова Екатерина, Қарағанды қаласы; **II орын**– Гнездилова Ангелина, Қарағанды қаласы және Майер Эрика, Қостанай қаласы; **III орын**– Лукичева Ольга, Қостанай қаласы, Шмидт Вероника, Қарағанды қаласы. Сонымен қатар «Минимализм шеберлігі», «Бірегей техника», «Көркемдік шеберлігі», «Бейненің мәнерлілігі», «Ойламаған интерпретация», «Балалық пәктік», «Ұлттық ерекшелік» атты номинациялар бойынша үздік жұмыстар Израиль, Ришон Ле Цион қаласы, Франция, Париж қаласы, Қостанай қаласы, Түркістан облысы, Арыс қаласы, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласынан қатысқан балаларда диплом мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Аталмыш байқауға облыстың кәсіподақ ұйымының да назарын аударды, олар қарағандылық балалардың қызықты жұмыстарын атап өтіп, бағалы сыйлықтармен марапаттауға тілектерін білдіріп, «Мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалының төрағасы А.Өсєрова өз сыйлықтары мен сертификаттар табыс етті. Балалар жазушысы Молдахмет Қаназ өз атынан Іңкәр Жанғожаның (Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы) жұмысын атап өтіп, оған сыйлыққа ұялы телефон жүлдесін тағайындады. Жүлдеге ие болған жеңімпаздардың суреттерінен шағын сурет альбом дайындалып шығарылды.

Кітапханада **«Қауырсын қалам»** қалалық байқауы өткізілді. Байқау жас талантты авторларды іздеуге және қолдауға 12-15 жас аралығындағы балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған. Сайысқа балалар әр түрлі жанрдағы өз шығармаларын ұсынып қатысты. Байқауға қазылар алқасының қарауына қаланың 25

мектебінен мемлекеттік және орыс тілдерінде 45-ке жуық жұмыс тапсырылды. Қазылар алқасы жұмыстарды тілдер бойынша бөліп бағалады.

Байқау жеңімпаздар І орын– Адина Несіпбекова, «№25 ЖББМ» және Варнава Елизавета, №46 «ЖББМ»; **II орын**– Айша Әбдіразақова, «№21 ЖББМ» және Виктория Камышник мен Арина Илясова, «№25 ЖББМ» (топтық жұмыс); **III орын**– Серік Сұлтан, Қызылжар ауылдық мектебі, Жаңаарқа ауданы және Евгений Зиберов, «№ 46 ЖББМ» иеленді.

Сондай-ақ «Адамгершілік құндылық», «Креативті сюжет», «Қызықты сюжет», «Заманауи ертегі», «Үздік образ», «Креативное мышление», «Золотая строка» номинациялар бойынша байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жеңімпаздарды марапаттау «Degirmen» кафесі және «Mickey house» дүкенінің қолдауымен өтті. «Қауырсын қалам» қалалық шығармашылық байқауына ұсынылған жас дарындардың шығармаларының жинағы дайындалып шығарылды.

«Балалар, Сіздер үшін жазамыз!» жобасының аясында балалар жазушылары Толымбек Әбдірайым, Молдахмет Қаназ, Елена Клепикова, Мәди Айымбетов, Наталья Инжевскаямен кездесулер өтті. Бұл кездесулер тек Қарағанды қаласында ғана емес, сонымен қатар Теміртау, Саран, Шахтинск қалаларында, Абай, Бұқар жырау, Шет, Нұра, Осакаровка аудандарында ұйымдастырылып өткізілді.

Кездесу барысында балалар үшін автормен жүздесу, оқыған кітаптары туралы өз әсерлерімен бөлісу, жазушының шығармашылық жоспарлары туралы білу қызықты болды. Биылғы жылы оқырман мен жазушы арасында алтын көпір болған «Балалар, Сіздер үшін жазамыз!» кітапханалық жобасы өз жұмысын қорытындылады. Барлық өткен кездесулерден балалар жақсы әсер алып, өздеріне керекті құнды дүниелерді сіңіре білді деген үміттеміз.

Кітапханада отбасылық құндылықтар насихаттау мақсатында **«Ертегілер мен оқиғалар сағаты»** жобасын әзірлеп, жүзеге асырылды. «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» жобасы аясында 10



дауыстап оқулар өткізілді. Дауыстап оқулар қала мектептерінің мұғалімдері Елена Гарбар, Мереке Сатибекова, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының әртістері Ахай Жұмамұратов пен Әнелі Сағындықова, Қарағанды

академиялық музыкалық комедия театрының актрисасы Дария Пивень, К.С. Станиславский атындағы Қарағанды облыстық орыс драма театрының актері Кирилл Пловайко, «Шарайна» ақпараттық қызметінің бас редакторы Әсел Сәбитова, суретші – дизайнер Герасим Иванов, театр және кино әртісі Думан Әкім, вокал ұстазы Думан Баймағанбетов балалар мен ата-аналары үшін дауыстап оқулар өткізді. Балалар қазақ, орыс, әлем әдебиетінің жауһар туындаларын тыңдады. Осы жоба нәтижесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналып аудиокітап дайындалып шығарылды. Мұндай кездесулер ертегілер мен әңгімелер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу және мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.



Кітапханада «Уақыт машинасы» кітапхана кеші акциясы өткізілді. Шараның



салтанатты ашылу рәсімінен кейін кітапхана қызметкерлері сағат тілін кейінге шегеріп өткен жылдарға қайта оралды. Акция аясында балалар мен ересектерге «Мен кітаптың құрдасымын» кітап топтамасындағы фотофлешмоб, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі,



Қарағанды индустриалды-техникалық колледжінің музейі экспонаттарының көрмесі, «Кітапханалық банк» кітапханалық кафе, «Синематограф шақырады» диафильмдер көрсету, «Бір сәт тоқта!» блиц-турнирі, «Сиқырлы тігіс» және «Ретро – аспаз» – шеберлік сыныбыптары, «Чемоданнан шыққан ғажайыптар» театрландырылған шеберханасы, «Бізбен бірге оқы және ән сал!» кітапхана караокесі, «Ымырт кезіндегі жұлдыздарға саяхат» атты алаңдарда саяхаттауға жағдай жасалды.

23 қыркүйек күні ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапхананың бастамасымен Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының алаңында «KitapTime -2022» республикалық кітап фестивалі өтті.

«KitapTime -2022» кітап фестивалі аясында Абай атындағы балалар кітапханасы «киіз үй» этноконструкторын жинау тренингін көрсетіп, «Дос болайық кітаппен» балаларға арналған ашық микрофон ұйымдастырылып, бүлдіршін балалар қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқыды.



Жыл бойы Балалар жылының аясында балаларға кітапты насихаттаудың сан-алуан формалары қарастырылды. Сондай ерекше формада ұйымдастырылған іс-шарамыз «Әдеби Косплей» фестивалі. Фестивалге 39 өтінім беріліп, олардың төртеуі отбасылық косплей қатысушылары болып тіркелді. Қатысушыларымыз түрлі бейнелерді сомдау кезінде көп еңбектенгендерін көрсетті. Шара барысында көрсетілген бейнелер батырлар жырындағы Қобыланды мен Алпамыс, орыс халық ертегісіндегі кейіпкерлер авторлық бейнелер, түрлі әдеби образдар бой көрсетті.

Косплей қатысушылары түрлі номинациялармен марапатталды. «Үздік көркем бейне» номинациясымен «Кавказ тұтқыны» шығармасынан Дина бейнесіндегі С.Ізтілеу, Ш.Перроның Золушка бейнесіндегі Д.Кулькеева марапатталса; «Үздік балалар косплейі» номинациясымен Қожа бейнесін өте шынайы алып шыққан М.Болатбеков, «Приключения Маша и Вити» филіміндегі Ақшақар бейнесіндегі Е.Шелухина марапатталды.



Ал, «Үздік MAKEUP – бет әлпеті образы» номинациясымен Л.Кэролдың «Алиса в стране чудес» шығармасынан Червонная Королева бейнесінде У.Соснова, өзі жасаған бейнемен С.Шакирова сынды қатысушыларымыз марапатталды.



Қатысушының авторлық бейнесі бойынша «Original – косплей» номинациясымен Буратино образын өте шынайы сомдаған В.Шлыков, «Мальвина» образындағы А.Акжанова марапатталды. «Ең үздік отбасылық косплей» номинациясы бойынша – «Алисаның Ғажайыптар еліндегі шытырман оқиғалары» ертегісіндегі Алиса бейнесіндегі Трофименко Эрика және оның анасы Трофименко Виктория; және «Клинок» анимесіндегі Зенуцу Агацума, Танджиро Камадо образын сомдаған Чепурина Арина мен Эдель Александра марапатталды.

«Әдеби Косплей» фестиваліне «Асыл-Түлік Қарағанды» компаниясы, ЖШС «Навин-KZ», «Палермо» рестораны, «Галерея»СҰ, ұлттық бұйымдар дүкені, «Киноплекс» және

«Сарыжайлау» кинотеатрлары, «ZamZam» балалар тауарлары дүкені қолдау білдіріп демеушілік жасады.

Балалар жылының қорытындысы

2022 жылғы 13 желтоқсанда С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен облыс кітапханаларында **Балалар жылының қорытындысы** бойынша салтанатты рәсім өтті. Салтанатты рәсімде Балалар жылының қорытындысы және облыстың 2022 жылғы Үздік кітапханаларының байқауы сонымен қатар балаларға арналған Үздік жоба жеңімпаздары анықталды.

Жеңімпаздарды дипломдармен және алғыс хаттармен ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің «Ерен еңбегі үшін» құрметті атағының иегері Р. К. Омарбекова, «Қазақстан – Қарағанды» ТРК Қарағанды облыстық филиалының директоры Б. С. Дүйсетаев, ҚР Мәдениет қайраткері, кітапхана ісінің ардагері Г.Ә. Бекбалакова, бала құқықтары жөніндегі уәкіл И.Б. Киселева, «Дарынды бала» көшбасшылықты дамыту балалар орталығының құрылтайшысы, «Алтын алқа» төсбелгісінің иегері А. Қ. Хамитова сынды құрметті қонақтарымыз марапаттады.

«Үздік қалалық балалар кітапханасы» номинациясы бойынша Балқаш ОКЖ А. Гайдар атындағы орталық қалалық балалар кітапханасы, «Үздік аудандық балалар кітапханасы» номинациясы ОКЖ орталық аудандық балалар кітапханасы, «Үздік ауылдық балалар кітапханасы» номинациясымен – Нұра ОКЖ Мыңбаев ауылының балалар кітапханасы және «Балалар жылында балаларға арналған үздік жоба» номинациясы бойынша Қарағанды ОКЖ балаларға қызмет көрсету бойынша № 12 кітапхана-филиалы жеңімпаз атанып марапатталды. Барлық жеңімпаздар Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының дипломдарымен және 200 мың теңге көлеміндегі сертификаттар табысталды.

Мерекелік іс-шараға білім беру саласының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, балалар жазушылары мен ақындары, «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» облыстық жобасының қатысушылары болды.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының алғыс хаттарымен марапатталды:

Үздік оқырмандар- мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының 9 «А» сынып оқушысы Акеева Аяжан; №27 мектептің 7 «А» сынып оқушысы Егінбай Мәди; № 23 мектептің 2 сынып оқушысы Ерғалы Әлихан; көру қабілеті шектеулі балаларға арналған №1 арнайы мектеп-интернатының 4 «Г» сынып оқушысы Қайыржан Нұрсұлу; 7 «А» көру қабілеті шектеулі балаларға арналған №1 арнайы мектеп-интернатының 7 «А» сынып оқушысы Харрасова Камила; №27 мектептің 5 «Б» сынып оқушысы Македонец Анастасия.

Ең көп оқитын отбасылар - Василечко отбасы, Инкарбаевтар отбасы, Тарабукиндер отбасы, Бизақовтар отбасы.

Серіктестер, демеушілер – «АЙЗА компаниясы» ЖШС директоры Г.В. Якимов; «Радуга әлемі» мерекесі студиясының жетекшісі А. А. Әбішева; жазушы, ата-аналар университетінің кураторы, «Талант» шығармашылық студиясының жетекшісі И. Н. Воронков; «№3 Автопарк» ЖШС директоры А. М. Григорян; «Богатырь» өндірістік-сауда компаниясының басшысы Бондаренко О. Ю.; «QASYM БАСПА ҮЙІ» ЖШС директоры Қасембекова А. К.

Мектептер- № 97 мектеп - гимназия, Н. Нұрмақов атындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернат, № 4 мектеп-интернат, «Бастау» қазіргі заманғы білім беру мектебі, А. Байтұрсынов атындағы мектеп - гимназия, Абай



бойынша Қарқаралы



атындағы № 104 мектеп – гимназия, «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп – лицей – интернаты, мектептер №25; № 27, №30.

Салтанатты іс-шара барысында Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы мен зағип және нашар көретін азаматтарға арналған облыстық арнайы кітапхананың балалар жылында іске асырылған «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» бірлескен жобасының тұсаукесері өтті. Салтанатты рәсім барысында облыс кітапханашылары ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының алғыс хаттарымен марапатталды.

Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығына Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ә. Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай «**Ерлік пен махаббат жыршысы**» атты әдеби кеш өткізілді. Іс-шараға жазушы-этнограф, журналист Т. Әкежанов және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясының 10-11 сынып оқушылары қатысты.

Төрехан Майбасұлы жазушының шығармашылығы жайлы құнды, қызықты деректермен ой бөлісті. Шара барысында жазушының өмірі мен шығармашылығын баяндайтын «Өмір жолы» атты бейнеролик көрсетіліп, жазушының кітаптары жинақталған «Ерлік пен махаббат жыршысы» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды.



Р. Бағланова, Ш. Жандарбекованың 100 жылдығына, Ш. Жиенқұлова, К. Байсейітованың 110 жылдығына

Биыл Қазақстанның танымал талантты нәзік жанды өнер майталмандары Р. Бағланова, Ш.Жандарбекова, Ш. Жиенқұлова К.Байсейітова мерейтойларын аталып өтті. Өз ісінің қайталанбас шеберлері қазақ өнерінде қайталанбас із қалдырды. Кітапханада олардың шығармашылығымен танысу мақсатында «**Қазақ сахнасының санлақтары**» шығармашылық салоны өткізілді. Іс-шара барысында әншілердің белгілі әндері шырқалып С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының актрисасы А.Қалдыбекова жазушы Д. Исабековтің «Актриса» қойылымынан үзінді оқыды.



Кітапханада «**Дарынды бала әлемі**» жинағының I – ші томының тұсаукесері өтті. Кітапта қазақ және орыс тілдерінде мектеп жасына дейінгі және бастауыш



мектеп жасындағы балалар үшін ең тиімді ертегілер жинақталған. Жинаққа енген ертегілер жас оқырмандарды батылдыққа, тапқырлыққа, әділеттікке, қайсарлыққа үйретеді. Кітаптың ерекшелігі әр ертегі мақал-мәтелдермен аяқталатындағында, ал мақал-мәтел тәрбие беруде басты құрал.



Жоба авторы «Дарынды бала» балалардың көшбасшылығын дамыту орталығының құрылтайшысы – А. Хамитова қатысушыларды жобаның басты мақсатымен таныстырып, кең көлемде ой бөлісті.

Абай атындағы ОБК Ресейдің Волгоград қаласындағы М.К. Агашина атындағы орталық кітапханасымен бірлесіп «**Книжная Волга**» халықаралық кітаптар көрмесі аясында онлайн кездесу өткізді. Шараға Қарағандылық балалар жазушылары Наталия Инжевская және Елена Пономаренко қатысты. Жазушылар қатысушы балаларды кітаптарымен таныстырып, шығармашылықтары туралы ой бөлісті.



«Жетістік формуласы» телевизиялық жобасы

«Жетістік формуласы» жобасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен есептік кезінде «Сауарқа» телеарнасында 7 телетүсірілім өтті. Диалог алаңында екі аяғына ампутация жасағаннан кейін биіктігі 5364 метр Эверест базалық лагеріне және 5640 метр биіктіктегі Кала Патхар тауына шыққан рекордшы әйел Мария Аuezова; Таланты суретші, графикалық дизайнер «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, иллюстратор, «Рахат» кондитерлік фабрикасы өнімдерінің бренд-безендірушісі, «Экспо-Дубай-2022»



мерч-серіктесінің және «ART-AIKA» жобасының авторы Әйгерім Кәрібаева; Қарағандылық жас спортшы, үстел теннисінен Азия чемпионатының қола жүлдегері Алан Құрманғалиев; Қазақстандық танымал ғалым, ҚР білім беру жүйесінің қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор,



Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков; Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры, Арман Жүдебаев; жас кәсіпкер, қарағандылық, «Sweatberry Tours» компаниясының негізін қалаушы, Forbes 30 Under 30 тізіміне енген саяхатшы Ерлан Амангелдинов; Қытайдың Тяньцзинь қаласында өткен ІсО-2022 Халықаралық химия олимпиадасының жеңімпазы Мадияр Қасымалы жобаның құрметті қонақтары болды.

«Кітап керуені» рухани әлемге шақырады!» атты кітап керуені аясында 27 сәуірде Осакаров ауданының Ақбұлақ ауылына шығу сапары жоспарланып, жүзеге асты. Бұл жобаның мақсаты кітапхана керуені арқылы кітапханасы жоқ шалғай ауылдарда тұратын балаларға қызмет көрсету. Кітапхана керуенінің аясында №28-ші мектеп ғимараттарында шығармашылық іс - шаралар (микроскопен қызықты тәжірибелер, жаңа кітаптар шолуы, «Киіз үй» этноконструкторын жинау) өткізілді, балалар жаңа кітаптармен танысып, әр түрлі сайыстар мен викториналарға қатысты. Іс-шараға «Qasym баспа үйі» демеушілік көрсетті.



«Балалар. Жаз. Кітап» жобасы

Кітап оқу қол жетімділігін барша оқырман балаларға қамтамасыз ету мақсатында кітапханада «Жаз.Балалар.Кітап» атты ұзақмерзімді жобасы жүзеге асып келеді. Жоба аясында аптаның әр күні белгілі бір тақырыпқа арналған: Әр дүйсенбі сайын «Өзі - өзіне, режиссер» атты шығармашылық алаң өткізіледі. Әр сейсенбі сайын «Қызықты ғылым күні».



Бұл күні балалар қызықты тәжірибие жасау шеберлік сыныптарына қатыса алады. Әр сәрсенбі сайын кітапхана алаңында «Жазғы оқу залы» ұйымдастырылады. Әр бейсенбі сайын «Бір кітап – бір тарих» атты әңгіме шолулар және т.б ұйымдастырады. Әр жұма сайын кітапхананың мұльзалында балаларға арналған мұльфильмдер көрсетіледі. Жоба аясында іс-шараларға 2500 бала қатысты. 320 бала кітапханаға жаңа оқырман болып жазылды.

Кәсіби бағдар

Кәсіби бағдар беру мәселелері де кітапхана қызметінің бір бағыты болып табылады. Жоғары сынып оқушыларын жиі



толғандыратын мәселелердің бірі – мамандық таңдау. Осыған орай кітапханада «Аспан әлемін бағындырған әуе акробаттары», «Мен қалай бас аспазшы болдым?»



тақырыбында қызықты кездесулер өтті. Іс-шараның қонақтары Қарағанды қаласының парашют клубының нұсқаушылары Андрей Редин және Игорь Шаравин және бас аспаз Виталий Косенчук болды. Нұсқаушылар қатысушыларға өздерінің бай тәжірибелерімен бөлісті, парашют түрлері және олардың құрылымы туралы айтты. Шара соңында балалар парашют рюкзактары және шлемдерімен танысты. Аспазшы балаларға өз кәсібінің қызығымен мен қиындықтары туралы айтып берді. Қатысушылар аспаз дайындаған мохито дәмі бар қызыл уылдырықтан дәм татты. Жасөспірімдер үшін мұндай шеберлік сыныптары тартымды және қызықты болды.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл

Сәуір айында кітапхана қызметкерлерін ақпараттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру кешенді жоспары шеңберінде «Қарағанды облысы дін істер басқармасының Қарағанды облысының конфессияаралық қатынастарының проблемаларын зерттеу және талдау орталығы» КММ мамандары теолог М.Турапбай мен дінтанушы К.Метревели кітапхана қызметкерлері үшін экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру әңгімесін өткізді.



VI. АНЫҚТАМАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Жыл ішінде «Мақалалар» МБ 1500 б/ж (722 с.і. қазақ тілінде б/ж) енгізілді.

	жоспар	орындалуы	с.і.қазақ тілі	орыс тілі
Барлығы	1500	1500	722	588

2022 жылы 351 библиографиялық анықтама толтырылды (с.і. қазақ тілінде 134), оның ішінде 43 виртуалды анықтама (с.і. қазақ тілінде 26)

Атауы	Анықтамалар	с.і.қазақ тілінде	с.і.виртуалды	с.і.қазақ тілінде
Тақырыптық	233	95	6	3
Мекенжайлық	82	25	28	15
Нақтылайтын	16	10	6	5
Фактографиялық	20	4	3	3
Барлығы:	351	134	43	26

Тапсырыстың ішіндегі аса қызықтылары:

- Афинаның әйгілі сәулетшісі Фидий туралы ақпарат?
- Алғашқы пулеметті кім ойлап тапты?
- «Часодеев» кейіпкерлерінің өмірбаяндарын қай кітаптан табуға болады?
- Қарлығаштың құйрығы неге айыр?
- Домбыра мен жетіген аспаптарының пайда болу тарихы туралы мәлімет?

Электронды қызметтер

Кітапхана сайтында онлайн кеңесші «JivoSite» v3.05.3 модулі жұмыс істейді, ол пайдаланушыларға онлайн жауап беруге мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде «JivoSite» v3.05.3 онлайн кеңесші және виртуальды анықтама бойынша 27 сұраныс орындалды (с.і 16 қазақ тілінде). Олар: живосайт бойынша 16 анықтама (с.і 10 қазақ тілінде).

Мақалалар мен кітаптарды сандық түрге көшіру

Есепті кезеңде 45 құжат сандық түрге енгізілді: оның 13-і қазақ тілінде. мерзімді басылымдардағы мақалалар және 2 әңгіме. Ол

1. Смақов, Жақан. Ғаббас пен Жаппас // Түлектер : жас жазушылар әңгімелерінің жинағы / құраст. А. Байтанаев. - Алматы : Көркем әдебиет, 1957. – 218 - 219 б.

2. Жұматова, Зульфия. Өкініш // Түлектер : жас жазушылар әңгімелерінің жинағы / құраст. А. Байтанаев. - Алматы : Көркем әдебиет, 1957. – 177-189 б.

Атауы	мақала саны, кітап/көлемі	о.і. қаз.т	бет саны	о. і.қаз. т/ көлемі
Газеттер	37	5	49	9
Журналдар	8	8	34	34
Барлығы:	45	13	83	43

01.01.2023 жылғы цифрландыру жағдайы бойынша 603 мақала, оның 36 кітап құрайды.

Атауы	мақала саны, кітап	оның ішінде қазақ тілінде	Бет саны	оның ішінде қазақ тілінде
2019 жылдан 2022 жылға дейін				
Барлығы:	603	320	2797	1195
Кітаптар саны	36	12	1405	302
Барлық мақалалар:	567	308	1392	893
Газеттер	462	219	1038	609
Журналдар	105	89	354	284

VII. ҰЙЫМДАСТЫРУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Аналитикалық қызмет

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының есеп тапсыру кестесіне сәйкес облыстың балалар кітапханаларының 2022 жылғы жұмысы туралы есебі және 2023 жылға арналған жұмыс жоспарлары қабылданды. Облыстың қызметі бойынша балалар кітапханаларының 2023 жылдың I жартыжылдығындағы есептер ұсынылды.

Облыс кітапханаларына кеңестік-әдістемелік көмек көрсету

Абай атындағы ОБК облыстың балалар кітапханаларының қызметін дамыту және бағыттау әдістемелік орталығы болғандықтан, есептік кезеңде Теміртау ОКЖ БК мен филиалдарына кеңес беріп және практикалық көмек көрсетті.

Кітапханалық форумдар мен семинарларға қатысу. Біліктілігін арттыру

Ақпан айының 28 күні ZOOM алаңында «Ұлттық және отбасылық дәстүрлерді сақтау мен дамытудағы балалар кітапханасының әлеуметтік-мәдени миссиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясы өтті, оған Ресей, Қырғызстан және Қазақстаннан 95 маман қатысты. Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Е. Нелдібаев, Қ.Баялинов атындағы балалар мен жасөспірімдердің



республикалық кітапханасының Р. Сұлтанғазиева (Бішкек, Қырғызстан) қатысушылар алдында құттықтау сөздерін сөйледі. «Балалар кітапханасы – ұлт болашағы» атты тақырыптық секция барысында әріптестеріміздің әр түрлі форматтағы 16 баяндамасы тыңдалды. Халықаралық конференция материалдарынан электронды жинақ дайындалып конференцияға қатысушыларға электронды жинақ пен сертификаттар жіберілді.

Ағымдағы жыл Осакаров ОКЖ Орталық аудандық балалар кітапханасының базасында **«Отбасын қолдаудағы және отбасылық оқу дәстүрлерін сақтаудағы кітапханашы құзыретінің рөлі»** облыстық көшпелі семинар өткізіліп, оған Қарағанды облысының 18 ауданындағы балаларға қызмет көрсететін 50-ге жуық маман қатысты.

Бұл кәсіби кездесу семинарға қатысқандарға балалар мен отбасылық кітап оқуды ілгерілету жұмысының жаңа бағыттарымен танысып, осы сала мамандарының пікірін тыңдап қана қоймай, әріптестерімен практикалық тәжірибе алмасуға және ынтымақтастықтың ықтимал перспективалық бағыттарын талқылауға мүмкіндік берді.


Сондай-ақ, балаларға қызмет көрсететін кітапхана мамандары үшін **«Бала кітапханаларына арналған перспективті цифрлық технологиялар»** облыстық семинар-практикумы өтті. Семинар жұмысына Қарағанды облысының балалар кітапханаларынан 35 маман қатысты. Ақпараттық кеңістікті кеңейту жағдайындағы жаңа тәсілдер, балалар кітапханаларына жаңа ақпараттық технологияларды, оның ішінде мобильді қосымшаларды енгізу ерекшеліктері және кәсіби тәжірибе алмасу талқылауға барысындағы негізгі мәселелер болды.



Кітапхана қызметкерлері Қарағанды облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімі ұйымдастырған **«Авторлық құқық негіздері»** атты семинарға және Қарағанды қаласының оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған экологиялық сауаттылық апталығы аясында қалалық семинарға қатысып **«Қарағанды облысы балалар кітапханаларының экологиялық қызметі»** тақырыбында баяндама жасады. Кітапхана басшысы Б. Уатаева **«Румянцев оқулары – 2022»** халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына және Түркістан қаласында өткен **«Рухани қазына-2022»** республикалық фестиваліне қатысты. Н.В. Гоголь атындағы ОӘҒК ұйымдастырған **«Кітапханалық менеджмент және кадрлық ресурс»** атты VII кеңейтілге облыстық семинарына және ЖШС «ЭйВиДи-Казахстан» ұйымдастырған Қазақстан Республикасының ИРБИС жүйесін пайдаланушылар үшін дайындық курстарына қатысты.



Сондай-ақ, Минск қаласындағы ОБК ұйымдастырған **«Моя белорусская детская книга»** атты халықаралық акцияға Абай атындағы ОБК, Балқаш ОКЖ Гайдар атындағы ОҚБК, Шахтинск ОКЖ №16 филиалы, Саран ОКЖ, Сәтпаев ОКЖ отбасылық оқу кітапханасы қатысып беларус тіліндегі басылымдарға буклук жасап, Қарағанды облысының балалар кітапханалары дипломдармен марапатталды.



Біздің кітапхананың қызметкерлері 5 қазанда Павлодар облысының әріптестерімен **«Оқуды жандандыру: идеялар мен тәжірибелер аумағы»** онлайн – кездесуіне қатысты. С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапхана кәсіби іс-шараның бастамашысы әрі ұйымдастырушысы болды. Екі облыстың кітапханашылары арасында тиімді, толыққанды диалог болып, оған 66 адам қатысты.



Кәсіби тәжірибе алмасу кезегінде, біздің кітапхананың бөлім басшылары байқау, жобалық қызмет және кітап қорын толықтыру жөніндегі өзіміздің кәсіби жетістіктерімізбен бөлістік.

Сондай-ақ инновациялық-әдістемелік бөлімінің басшысы С. Жусупова **«ҚР Жылдың үздік маманы»** республикалық патриоттық байқауына қатысты. Байқау қорытындысы бойынша **«Bilim otkeniet»** Ұлттық инновациялық ғылыми –



зерттеу орталығының бірінші дәрежелі Диплом мен Абай атындағы ОБК басшысы Б. Уатаева алғыс хат табыс етілді. «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы ұйымдастырған «Менің сүйікті кітабым» атты шығармашылық байқауын өткізді. Осы байқауға кітапхананың жас мамандары Ж. Ыбрайым, К. Болатбекова қатысып өздері таңдап оқыған кітаптарынан шағын бейнеролик жасап сүйікті кітаптары ой бөлісті. Сайыста Жайна Ыбрайым 3-ші орын иеленіп диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Қарағанды облыстық «SARYARQA» телеарнасында мемлекеттік тіл саясаты мен төл тарихты насихаттау мақсатында ұйымдастырылған «Ойөріс» зияткерлік телеойынында кітапхананың намысын қорғаған қызметкерлер Ш. Жумадильдинова, Ж. Ыбрайым және К. Болатбекова жеңіспен оралды. Бұл жолғы ойында «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ кітапханашыларынан құралған «Күншуақ» тобы және Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы қызметкерлерінен құралған «Үш таған» тобымен өз ара сайысқа түсті. Қатысушылар ойын барысында «Тұлғалар», «Тарихи орындар», «Көрікті жерлер», «Жұмбақтар мен мақал-мәтелдер», «Көнерген сөздер» тақырыптарындағы ұяшық ішіндегі сұрақтарды таңдап жауап берді. Телеойынға қатысушылардың қабілеті мен шеберлігі арнайы тағайындалған сарапшы сараптап, әр сайыстан алған ұпайлары бойынша бағалады.



Көтермелеулер

Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне және Кітапханашылар күніне орай құжаттарды толықтыру, өңдеу және негізгі қорды сақтау бөлімінің басшысы О. Мусина ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасы және Қарағанды облысы Әкімінің Құрмет грамотасымен, инновациялық-әдістемелік бөлімінің басшысы С. Жусупова Қарағанды облысы Әкімінің Алғыс хатымен орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Ж. Ыбрайым Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Алғыс хатымен және «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы кітапхана басшысының орынбасары Қ. Қалиева Құрмет грамотасымен марапатталды. «2022 жыл – Балалар жылы» аясында Б. Абулгазинова, К. Болатбекова, Ж. Зейкенова, К. Курманбекова, О. Маториналар ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының Алғыс хаттарымен марапатталды.



Баспа қызметі

Есепті кезеңде жоспарға сәйкес 7 әдістемелік құралдар басылымға дайындалып, жарыққа шығарылды (6-ы қазақ тілінде):

1. Акция 2022 «Бір ел – бір кітап» акциясына бетбелгі;
2. «Молдахмет Қаназовтың шығармашылық мұрасы» (М. Қаназдың туғанына 80 жас) әдістемелік – библиографиялық құрал;
3. «Көркем сөздің тарланы» (Ж. Қашқыновтың туғанына 80 жыл) әдістемелік – библиографиялық құрал;
4. «Атаулы күндер күнтізбесі 2023 жыл» (орыс тілінде);
5. «Дәуірдің аңыз адамы» (А. Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл) әдістемелік – библиографиялық құрал;
6. Жақан Смақовтың 90 жылдығына, Жеңіс Қашқыновтың 80 жылдығына «Әдеби күнтізбе» күнтізбе;
7. «Ұлттық және отбасылық дәстүрлерді сақтау мен дамытудағы балалар кітапханасының әлеуметтік-мәдени миссиясы» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция материалдарының электрондық жинақ.

VIII. КІТАПХАНАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Бүгінгі күнге Абай атындағы ОБК-да кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру жұмыстары жалғасын табуда. Кітапхананың біршама қызметі жүйелі түрде пайдаланушыларға автоматтандырылған режимде қызмет көрсетуде.

Кітапхананың Internet желісінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, техникалық қолдау көрсетілді. Орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің желілік кабеліне демонтаж жүргізілді. Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілеріне және YouTube каналына кітапхананың онлайн іс-шаралары туралы мәліметтер, өтетін іс-шаралар туралы анонстар, өтекен іс-шаралар, жаңалықтар тікелей эфирлер жүктелінді. Жыл ішінде сайтта «Біліктілікті арттыру», «Қолтаңба», «Жаңалықтар», «Клубтар» электронды кітап көрмесінің бөлімдері толықтырылды.

Бақылау көрсеткіштер (Әлеуметтік желілер бойынша Статистика)

Әлеуметтік желілердің атауы	жазылушылар	жарияланымдар	қаралым
facebook	1105	563	48901
Instagram	4835	562	297361
vk.com	6143	600	51280
YouTube канал	335	17	463
Барлығы:	12418	1742	398005

Есепті кезеңде «Instagram» әлеуметтік желісіндегі жазылушылардың саны **492** пайдаланушыға артып, **4835** жазылушыны құрады. Facebook тіркелушілері өткен жылмен салыстырғанда **65** пайдаланушыға ал, Vk.com желісінде тіркелушілер өткен жылмен салыстырғанда **70** адамға артты. YouTube жазылушылар 2022 жылмен салыстырғанда **142** пайдаланушыға көбейді.

Сайттың Яндекс Метрика есептегіші арқылы 2022 жылғы статистикасы төмендегідей анықталды:

- Келімі- 31357
- Келушілер - 31088
- Қаралымы– 61010

Кітапхананың ақпараттық технологияларымен қамтамасыз етіліп, 43 компьютермен жабдықталған, оның ішінде 11 компьютер 2022 жылы сатып алынған, Кітапхана ВОЛС технологиясы бойынша интернетке қол жеткізе алады, 37 компьютер интернет желісіне қосылған, тегін WI-Fi қолжетімділігі бар.

	Компьютер		ноутбук	серв ер	принтер			сканер		ксерокс	КФК	факс	проектор	Букридер
	барлығы				лазерлік	түрлі- түсті лазерлік	Принтер штрих-код	сканер	сканер штрих- код					
	2021	2022												
ОБК	32	43	2	1	7	1	1	3	8	1	2	1	1	2

X. КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРУ. ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

Кадрлармен жұмыс. Персоналдың моральді және материалды уәждемесі

01.01.2023 ж. кітапхана штаты 41 бірлікті құрайды. 01.01.2023 ж. барлығы 41 адам жұмыс істеді, оның ішінде кітапханалық қызметкерлер – 25.

Білімі бойынша кітапхан қызметкерлерінің құрамы

барлығы	оның ішінде кітапханашылар	Білімі бойынша кітапханашылардың құрамы			
		жоғары		арнайы орта	
		кітапханалық	басқа	кітапханалық	басқа
42	25	12	12		1

Кітапханашы қызметкерлерінің жас ерекшеліктері

барлығы	30 жасқа дейін	%	30-45 жас	%	45-50 жас	%	50-58 жас	%	58 жастан жоғары	%
25	6	24 %	6	24 %	1	4,1%	10	40 %	2	8%

Таблицадағы мәліметтер негізінде кітапхана қызметкерлерінің басым бөлігі - 10 адам (40%) 50 жасқа дейінгі қызметкерлер екенін аңғаруға болады. Және соның ішінде 6 қызметкер (24%) 30 жасқа дейінгі мамандар.

Кітапханашы қызметкерлердің мамандығы бойынша еңбек өтілі

барлығы	1 жылға дейін	%	1-5 жыл	%	6-10 жыл	%	10 жылдан жоғары	%
25	1	4%	5	20%	3	12%	16	64%

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кітапхана түрлі ұйымдармен және шығармашылық бірлестіктермен белсенді жұмыс істейді. Кітапхананың тұрақты серіктестері қатарында қала мектептері, бала бақшаларымен бірге Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті де бар. 2022 жылдың 30 мамыр мен 17 маусымы аралығында Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінің II курстың 5 студенті өндірістік іс-тәжірибеден өтті.

Студенттерге қазақстандық балалар жазушыларының шығармашылығына бейнебаян жасау тапсырмалары берілді және бұл жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылды.

2022 жылғы франкофон көктемі аясында кітапханада Қазақстандағы Франция Елшілігімен ынтымақтастықта Қарағандының Француз альянсының қолдауымен балалар анимациялық фильмдерінің көрсетілімі өтті. Фильмдерді көргеннен кейін көрермендер медиатормен мультфильмдерді талқылап, өз әсерлерімен бөлісті.

Есеп беру кезінде Қарағанды қаласының тұрғындары және жас оқырмандары үшін қуанышты жаңалық болды. Себебі, «Нәтиже» компаниясы және «Qasym баспа үйі» демеушілігімен Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының маңдайша жазуы орнатылды.

Есеп беру кезеңінде кітапхана қажетіне 11 дана - компьютердің барлық құрылғыларының жиыны, 8 дана - үздіксіз қуат көздері, 9 дана - Microsoft Windows 10 Professional, 1 дана - фотоаппарат, 1 дана - Behringer pk115 пассивті акустикасы сатып алды



2023 ЖЫЛҒЫ ЖОСПАР

- Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының 70 жылдық мерейтойына орай «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» халықаралық форумын өткізу;
- Кітап оқуға тарту, балалардың жаз уақытын тиімді өткізуі мақсатында «Жаз. Балалар. Кітап» ұзақмерзімді жобасын жалғастыру;
- Батырлық эпостардан үзінді оқуға арналған қалалық байқау (Батырлар жырғы 13-15 жас аралығындағы балалар арасында) өткізу;
- Балалар ақыны М. Әлімбаевтың шығармалары бойынша «Комиксбург» облыстық балалар комикстерінің байқауы;

- «Ертегілер еліне саяхат» ертегілерді сахналаудан қалалық байқау (*Балабақша балаларымен 5 жас аралығында;*)
- «Балаларға арналған ең үздік жоба» балалар кітапханалары арасындағы облыстық байқау.

2023 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕР

- Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы қызметінің бағыты мен міндеттеріне сәйкес жұмыс жалғастыру;
- Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
- Жас оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;
- Оқырмандардың Қазақстан әдебиеті, тарихына, мәдениетіне қызығушылығын баулу;
- Құқықтық білім негіздерін, оқырмандардың экологиялық сауатын насихаттау;
- «Жетістік формуласы» телевизиялық жобасы бойынша жұмысты жалғастыру;
- Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасынның 70 жылдық мерейтойын өткізу.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Балалар кітапханасын материалдық-техникалық жағынан заман талабына сай қамтамасыз ету және жаңғырту.

Басшы

Б. Уатаева